

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі тосқауылдарды жою жөніндегі жұмысының барысы туралы**

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 5 Өкімі

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі тосқауылдарды жою жөніндегі жұмысының барысы туралы Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпаратын ескере отырып:

1. Қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Армения Республикасының Үкіметі, Беларусь Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі 3 ай мерзімде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі тосқауылдарды жоюға бағытталған шаралар қабылдасын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия:

Осы Өкімнің 1-тармағында көзделген шараларды іске асыру нәтижелері туралы – Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысында;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі тосқауылдарды жою жөніндегі жұмысының барысы туралы – Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында баяндасын.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республ икасынан	Қы р ғ ы з Республикасынан	Р е с е й Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-----------------------------

Еуразиялық үкіметаралық  
кеңестің 2019 жылғы 30  
сәуірдегі № 5 өкіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі тосқауылдарды жою мәселелері жөніндегі шешімдерінің ТІЗБЕСІ**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 20 қарашадағы " Беларусь Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін орындауы туралы" № 190 шешімі.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 28 қарашадағы " Армения Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін орындауы туралы" № 195 шешімі

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 22 қаңтардағы " Ресей Федерациясының Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін орындауы туралы" № 11 шешімі

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 29 қаңтардағы " Беларусь Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін орындауы туралы" № 18 шешімі.